

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҮСТЕУЛЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Эрежепова Акерке Усен қызы

Шыршық мемлекеттік педогогикалық университеті,
“Қазақ тілі және әдебиеті” бағытының II курс студенті.

Байкабилов Усербай

Ғылыми жетекші:

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университетінің ұстазы.

АННОТАЦИЯ

Мақала өз ішіне қазақ тіліндегі үстеу сөз табының басқа сөз таптарларынан ерекшелігі мен оның мағына-грамматикалық ерекшеліктерін өз ішіне қамтиды. Үстеу сөз табының әрбір мағыналық түріне жеке-жеке тоқталып, олардың әрқайсысына жеке мысалдар келтірілген.

Кілтті сөздер: аналитикалық тәсіл; үстеу; пысықтауыш; форма; грамматика.

ABSTRACT

The article contains the features of the Kazakh language adverb class from other word classes and its semantic and grammatical features. Each semantic type of the adverb class is separately touched upon, and individual examples are given for each of them.

Keywords: analytical approach; adverb; finisher; form; grammar.

Үстеу сөздер – заттың әр қилы қимылы мен ісінің әр түрлі сындық, бейнелік, мекендік, мезгілдік, шарттық, мөлшерлік күй-жайларын және сынның белгісін білдіреді. Ал, қимылдың белгілері пысықтауыш мүше ретінде қолданылатын басқа есім сөздер мен етістік формалы мысалы, көсемшелер арқылы да білдіріледі. Бірақ белгілі жағдайда ғана пысықтауыш болып қызмет атқаратын ондай есім, сөздер мен етістік формалары өздерінің бастапқы қасиеттерін жоймайды. Осы себептен пысықтауыш мүше болған сөздердің барлығы бірдей үстеу болуы шарт емес. Ол осы үйде тұрады және Мен мынау колхоздан пана таптым, енді орным осында. М. Әуезов деген сөйлемдерді алсақ, бірінші сөйлемдегі пысықтауыш үйде деген сөз болса, екінші сөйлемдегі пысықтауыш – осында деген сөз. Бірақ мағына жағынан бұл екі пысықтауыштың арасында елеулі айырмашылық бар: жатыс септігінде қолданылып пысықтауыш болып

тұрған үйде деген зат есім жатыс септікте тұрып қана пысықтауыш болып тұрса, осында деген пысықтауыштың бастапқы түбірі осы деген есімдік болғанымен, - онда қосымшасы оның табиғи бөлмесі болып тұрақталып, көнеленіп қалған. Сол қалпында ол тек пысықтауыш қызметіне жұмсалады.

Үстеулердің мағыналары да түрлі – түрлі болады. Кейбір үстеу, сөздер, сөйлемде қолданылу ерекшелігіне қарай, әлденеше мағынаны білдіреді. Мысалы, Ол сонда ғана әлін тоқтатып, көпке қарады. Сен сонда барып қал да, ертең осында қайтып кел – деген сөйлемдердің екеуінде де кездесетін сонда деген үстеу – бір мағына сөз. Бірақ осы үстеу алғашқы сөйлемде мезгілді мағынаны білдірсе екінші сөйлемде мекендік мезгілдік мағынаны білдіріп тұр. Ол сөз алғашқы сөйлемде қанша? Екінші сөйлемде қалай? деген сұрауға жауап береді.

Сол сияқты, ол өлең болмай шығарылады. Сен ана ағашты былай лақтырып таста, - деген сөйлемдегі былай деген сөздің де мағынасы бірдей емес. Төртінші сөйлемдегі былай қимылдың сынын білдірсе екінші сөйлемде қимылдық бағытын білдіріп тұр. Бірақ бұл сөздердің де төркіні бір. Үстеу сөз мағынасына қарай топтастырылғанда мынадай сегіз топқа бөлінеді:

1. Мезгіл үстеулер
2. Мекен үстеулер
3. Мөлшер үстеулер
4. Сын-бейне үстеулер
5. Күшейту үстеулер
6. Мақсат үстеулер
7. Себеп-салдар үстеулер

Мезгіл үстеулері қимылдың жалпы мезгілін я дәлді мезгілін білдіреді де, қашан? қашаннан ? сияқты сұрауларға жауап береді.

Мезгіл үстеулері аса көп. Оларға мысалы, мынадай сөздер жатады: бүгін, былтыр, ертең, таңертең, кешке, қазір, енді, әлі, ендігәрі, бұрын, әуелі, баста, ерте, кеш, күндіз, әсте, күйімен, ертеден, күні бүгін, күні кеше, бүгін танда, күн ара, күні бойы, енді-енді, оқтын-оқтын, оқта-текте, кейде, кей-кейде т.б.

Мекен үстеулері қимылдың орнын, бағытын білдіреді де, қайда? қайдан? сияқты сұрауларға жауап береді.

Мекен үстеулеріне мынадай сөздер жатады: ілгері, ілгеріде, әрі, әріде, әрмен, кері, жоғары, төмен, жолшыбай, алда, артта, әлдеқайда, сонда т.б.

Мөлшер үстеулері түрлі қатынасты, я жалпылап, я мөлшерлеп, немесе қимылдың және сынның я теңдік, я кемдік дәрежесін білдіреді де, қанша? қаншалық? нешелеп? қаншалап? сияқты сұрауларға жауап береді.

Мөлшер үстеулері мынадай сөздер жатады: онша, сонша, осынша, оншалық, соншалық, соншама, мұншама, анағұрлым, сондайлық, осындайлық, бірен-саран.

Сын-бейне үстеулері қимылдың алуан түрлі сапасын, тәсілін (істеу жолын), бейнесін білдіреді де, қалай? қайтіп? қалайша? кімше? неше? (не сияқты?) сияқты сұрақтарға жауап береді. Бұл бай топқа мынадай үстеулер жатады: осылай, осылайша, сөйтіп, бүйтіп, олай-бұлай, бірден, бірге, бірте-бірте, біртіндеп, ойша, бұрынғыша, өзінше, әлінше, көзімше, пәрменінше, тікелей, қолма-қол, кезе-кезек, әрең-әрең, көрнеуілі, өздігінен, өзді-өзді, ойлап-ойлап, зорға, лезде, шалқасынан, қаперсіз, үнемі, бекер т.б.

Күшейті (я ұлғайту) үстеулері заттың сынын, қимылын өзін немесе түрлі мөлшерін көлемін я аса күшейтіп, аса солғындатып, көрсетеді де, қалай? қандай? деген сұрақтарға жауап береді.

Бұл топқа мынадай үстеулер жатады: ең, әбден, кілең, сән, керемет, қабағат, тым, нақ, нағыз, мүлдем, дәл, төтенше, жөнсіз, орасан, өрен т.б.

Мақсат үстеулер қимылдың мақсатын білдіреді. Мақсат үстеулері - өзге топтарға сан жағынан өте аз топтың бірі. Мысалы, бұларға мынадай сөздер жатады: әдейі, әдейлеп, жорта, қасақана. Бұлардан басқа мақсат үстеулері көбінесе аналитикалық тәсіл арқылы жасалады. Мысалы, кітапқа бола, оқуға бола т.б.

Себеп-салдар үстеулер амалдың себебін я салдарын білдіреді. Оларға мынадай үстеулер жатады: жоққа, босқа, құр босқа, бекерге, амалсыздан, шарасыздан. Бұлардан басқа көсемшелерінің қайталануы арқылы жасалатын сөйлей-сөйлей, көре-көре, оқи-оқи т.б. үстеулер көбінесе осы топқа жатады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ: (REFERENCES)

1. Исаев С. «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» Алматы-1998 жыл.
 2. Кеңесбаев С. «Қазақ тілі» морфология Алматы-1992 жыл.
 3. Қалыбаева А. Оралбаева Н. «Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі» Алматы-1986 жыл.
 4. Оралбай Н. «Қазақ тілінің сөз жасамы» Алматы – 2002 жыл.
- Салқынбай А. «Тарихи сөз жасам» Алматы – 1999 жыл.